



Комплимент

Мадақтар болсаң, шын асылды
мадақта.

Мақтау-алтын мен алмас сияқты сирек болғанда ғана құнды.

- Комплимент-

І.Өзі өзгеше боламын демектің түбі- мақтан. (Абай)

- **Комплименттің көптеген функциялары бар:**
- 1. *Комплимент айтылатын адамның көңілін көтеру. Кез-келген адам жасы да кәрісі де, әйел адам да ер адам да оларға сүйсініп қарағанды ұнатады. Комплимент бағытталып тұрған адамның ғана емес, айтып тұрған адамның да көңіл-күйін көтереді.*

- *2.Комплименттің көмегімен адамға кейбір жоқ немесе әлсіз көрінетін қасиеттердің бар екенін сендіруге болады, немесе кейбір кемшілігін жөндеуге болады, мысалы ұқыпсыздық. Ол үшін оны осы бағыттағы кіші болса да жақсы нәтижелері үшін мақтау керек.*

- 3. Жалпы алғанда комплимент – қарым-қатынас элементі. Комплименттің көмегімен қарым-қатынасты түзетуге, дұшпанмен достасуға болады. Егер күйеуі әйеліне жиі комплимент айтып отырса бұндай отбасында ұрыс-керіс ықтималдығы өте төмен болады.

II. Мақтан құма, бірақ бар күшіңмен
мақтауға лайық әрекет жасауға тырыс. (Я.
А. Коменский)

Түйін сөз: Жақсы сөз – жанға қуат.

Адам мен адамның қарым-қатынасы сөз арқылы жүзеге асады. Сондықтан, бізді қоршаған ортамен жақсы немесе жаман қатынаста болуымыз, соған орай ,өміріміз жеңіл, болмаса ауыр болуы – айтатын сөзімізге байланысты қалыптаспақ. Бір ауыз сөз адам баласының жан жарасын жазып, өмірге құштарлығын арттырады.